

Назар аударыңыз! «Еуразиялық банк» АҚ сенім білдірілген тұлғасы кепілге салынған мүлікке сауда-саттық жүргізілетіні туралы жариялайды
№1 лот. Chevrolet Lacetti автокөлігі, 2023 жылы шығарылған, шанақ №MX1CAAAA1PK557148, тіркеу №S28ADX06, түсі – ақ/white, көлемі – 1 485 текіше см. Сауда-саттық голландиялық әдіспен (бағаны төмендету) 2026 жылы 29 қаңтар сағат 09:30-да Атырау қ., Құлманов көшесі, 107 мекенжайы бойынша орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалы ғимаратында өтеді. Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы: 5 217 000 (бес миллион екі жүз он жеті мың) теңге. Өзгеру қадамы: 52 170 (елу екі мың бір жүз жетпіс) теңге. Сауда-саттыққа қатысудың талаптары: Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 260 850 (екі жүз алпыс мың сегіз жүз елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы 28 қаңтар күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті. Барлық сұрақтар бойынша 09:00-18:00 сағат аралығында Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107 мекенжайы және 87027988270 телефон бойынша Банктің сенімді тұлғасы Ақынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

Хабарландыру
«West Dala» («Вест Дала») ЖШС 2026–2030 жылдарға арналған қалдықтарды өңдеу және орналастыру жөніндегі кешенді полигон бойынша ҚОҚЖЕ, РЕШН, РЕТН, ҚБО, ӨЭБ, ТҚШЖ жобаларына қатысты ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.
Шеткі нүктелердің координаттары: Солтүстік — 47.339949° с.е. Оңтүстік — 52.340084° ш.б. Батыс — 47°20'26.24" с.е. Шығыс — 52°20'19.30" ш.б.
Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжай бойынша өтеді: Атырау облысы, Атырау қалалық әкімдігі, Қайыршақты ауылдық округі, Ақсар-2 шағын ауданы, 1-көше, 17А, Ақсар мәдениет үйі.
Өткізу күні: 20.02.2025 ж., уақыты: сағат 11:00.
Қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ Webex платформасындағы бейнеконференция арқылы онлайн форматта қосылу мүмкіндігі қарастырылған.
Кенеске сілтеме арқылы қосылу: https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_MDIzMDAzZmlhOTZlMjY0MDZyLTk4MDUyTltxZTU3YWJhYmFj%40thread_v2?0=context=%7b%22id%22%3a%229546f4e4-c6f3-4754-a4f4-9e4534790512%22%2c%2202id%22%3a%221dc02495-2f0f-4072-a2c6-5fa466b47f4d%22%7d
Жиналыс идентификаторы: 394 871 470 449 71
Жасырын код: sf9Lw7md
Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «West Dala» («Вест Дала») ЖШС, БСН 050 740 001 755, Мекенжайы: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылдық округі, Бейбарыс ауылы, 1 көше, 22-ғимарат.
Байланыс тұлғасы: Сатанова С.Б., тел.: 8 (7122) 309-309, ішкі 4230.
Жоба әзірлеуші: мекенжайы: Атырау қ., «ИП Мусаева», Жерұйық шағын ауданы, 8-көше, 3-үй.
Байланыс тұлғасы: Мусаева К., ұялы тел.: 8 778 406 06 70.
e-mail: e.korchunova@gmail.ru
Жоба материалдары http://ecorportal.kz сайтында және МИО-ның https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-eco/ сайтында орналастырылған.
Қоғам өкілдері жоспарланып отырған қызмет және қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты тел.: 8 (7122) 309-309, ішкі 4230,
e-mail: svetlana.satanova@westdala.kz арқылы ала алады.
Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы,
мекенжайы: Атырау қ., Өйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122) 32-55-09.

Емханада есепте тұрған азаматтар МӘМС ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық көмек пакеттеріне және оны көрсету тәртібіне қатысты бірқатар өзгерістер күшіне енеді. Әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша диагностика, бақылау және емдеу ТМККК аясында көрсетіледі.

Ал созылмалы аурулары бар азаматтарға медициналық көмек МӘМС жүйесі шеңберінде көрсетіледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Атырау облысы бойынша филиалы бұл өзгерістер туралы толығырақ түсіндірді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы Жолдауындағы тапсырмалардың бірі – бюджет мүмкіндіктерімен теңгерілген және азаматтарға қажетті медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін Бйрыңғай базалық мемлекеттік медициналық көмек пакетін құру болды. Осы бағыттағы жұмыстар бір жыл бойы жүргізілді. Ал 2025 жылдың ішінде айында Президент МӘМС және медициналық қызметтер көрсетуіне қатысты өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін Заңға қол қойды. Жаңашылдықтардың бір бөлігі биыл күшіне енсе, әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулар тізбесіне қатысты нормалар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осыған байланысты пациенттерді бірқатар сұрақ мазалайды: бұл өзгерістер оларға нақты қалай әсер етеді, олар медициналық көмексіз қалмай ма, сондай-ақ сақтандыру мәртебесі керек пе?

Күдік пайда болды – тексерді

Ең маңызды өзгерістердің бірі – әлеуметтік маңызы бар ауруға күдік болған жағдайда (бекітілген тізбе бойынша) қажетті тексерулер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тағайындалады.

Бұрын ол тек туберкулез немесе АИТВ инфекциясына күдік болған кезде ғана мүмкін еді.

Ал қатерлі ісік немесе бауыр циррозы қаупі анықталған жағдайда тексерулер тек сақтандырылған азаматтарға ғана көрсетілді. Себебі бұл қызметтер МӘМС пакетіне кірді.

2026 жылдан бастап ТМККК аясында тексеру және емдеу келесі әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша көрсетіледі:

- туберкулез;
- АИТВ инфекциясы;
- қатерлі ісіктер;
- созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр

ЖОБА

2025 жылдың 11 айында Атырау облысы бойынша МӘСҚ-дан 42 991 млн. теңге төленді

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӨСК) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген әлеуметтік қатерлер туындаған кезде 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін іске асырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары төлеушілер, яғни жұмыс берушілер қызметкерлері үшін, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар өзі үшін және басқалар төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі 5%-ды құрайды.

2025 жылдан бастап жүйеге нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар кірді.

2026 жылдан бастап жүйеге Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлғалар танылатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (бұдан әрі – АСР) қолданатын адамдар кіреді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың осы режим шеңберінде қызметті жүзеге асырған есепті айда алған кірісі олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданатын жеке тұлғалардың төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 1% мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.

Республика бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне шамамен 6,9 млн. жұмыс істейтін азамат қатысады және 1,3 млн. астам адам жыл бойы МӨСК-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе МӨСК-тан екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемді көздейді - қызметкер жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда – оның асырауында болған отбасы мүшелеріне тағайындалатын асыраушысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алады.

Бұл төлемдер мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу бойынша бюджет

ЖОБА

қаражаты есебінен базалық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жыл сайын арттырылып отыратынын атап өту қажет. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап аталған төлемдер 10% -ға арттырылады. Атырау облысы бойынша 3 662 мың еңбекке қабілеттілігінен айырылған және 3 523 мың асыраушысынан айрылған отбасы үшін әлеуметтік төлемдер автоматты режимде арттырылады.

Өңірде 2025 жылдың 11 айында 4 602 адам еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны үшін 2 659,3 млн. теңге, асыраушысынан айырылғаны үшін 3 959 отбасы 2 362,6 млн. теңге көлемінде әлеуметтік төлем алды

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Осылайша, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бір жарым жасқа дейінгі баланың күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

2025 жылдың 11 айында өңірде 7 842 болашақ ана жалпы сомасы 10 340,8 млн. теңгеге жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем алды, ал бала күтімі бойынша 25 712 адам жалпы сомасы 15 884,2 млн. теңгеге әлеуметтік төлем алды.

Мансап орталығы жұмыссыз ретінде тіркеген жағдайда жұмыстан шығу себептеріне қарамастан, тағайындалатын жұмысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем жүйеге қатысушы үшін маңызды қолдау болып табылады. Атырау облысында 2025 жылдың 11 айында 26 867 адам жалпы сомасы 11 744,1 млн. теңгеге аталған төлемді алды.

Осылайша, 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша МӨСК-тан Атырау облысы бойынша 42 991 млн. астам теңге төленді.

Әлеуметтік қатер туындаған кезде әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр қатысушыға жеке есептелетінін және МӨСК-ға әлеуметтік аударымдардың уақтылы мен толық төленуіне тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар үшін МӨСК-ға түскен әлеуметтік аударымдар сомасын тұрақты негізде тексеру маңызды.

Бұл бүгінде egov.kz электрондық үкімет порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары арқылы онлайн режимде, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері немесе МӨСК филиалдары арқылы офлайн режимде қолжетімді.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен сұратылады.



болады. Мұндай пациенттерге кардиологқа уақтылы қаралу, жағдайын бағалау және дәрілік терапияны тағайындау үшін қажетті тексерулерді өту қажет. Мысалы, электрокардиография, Холтерлік мониторинг, таулік бойы артериалды қысымды бақылау. Денсаулық сақтау саласының заңға енгізілген өзгерістер бойынша жұмыс жасаған мамандарының айтуынша, созылмалы аурулар жиі асқынулар тудырады, себебі пациенттер өз тарапынан дәрігердің тамақтану, ұйқы режимі, дәрі-дәрмек қабылдау, аралық қабылдауларға келу сияқты ұсыныстарын жеткілікті деңгейде сақтамайды.

Сонымен қатар, жыл сайын мидың қан айналымы мен жүрек бұлшықетінің бұзылуының (инсульт, инфаркт) 50 мыңға дейінгі жағдайы тіркеледі.

Аталған ауруларды емдеу құны заманауи жоғары тиімді технологияларды қолдануға байланысты 7 миллион теңгені құрайды, бұл көптеген азаматтар үшін күтпеген шығын болып сөзсіз.

Амбулаториялық диализ алатын бір пациенттің орташа шығыны жылына шамамен 5 миллион теңгені құрайды.

МӨМС жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – медициналық көмек алу барысында азаматтарды кенеттен туындайтын жоғары шығындардан қорғау. Олар жүйеге 51 000 теңге көлемінде жарна төлеп, барлық медициналық қызметтердің толық тізіміне

Осылайша, тиісті төлемдерді алу үшін үйден шықпай-ақ, қағаз жүзіндегі құжаттарсыз онлайн режимде жүгінуге болады.

2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша МӨСК ұсынған электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтердің үлесі 70%-дан асты.

Бұдан басқа, 2025 жылғы 15 қазаннан бастап әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде тағайындау жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды, оның негізгі мақсаты мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін бір жұмыс күніне дейін қысқарту және әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың негізгі кезеңдерін оңтайландыру есебінен процестердің ашықтығын арттыру болып табылады.

Жоба egov.kz электрондық үкімет порталы, enbek.kz электрондық еңбек биржасы, екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары мен проактив арқылы келіп түскен өтініштер негізінде қалыптастырылатын электрондық іс макеттерін қамтиды.

Электрондық өтініштер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде кешенді тексеруден өтеді. Жүйе төлемдерді алу құқығының басталғанын, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және дұрыс төлеуді, сондай-ақ құжаттардың толық топтамасының болуын автоматты түрде растайды.

Егер өтініш белгіленген критерийлерге сәйкес келсе, шешім автоматты түрде қабылданады, содан кейін өтініш берушіге SMS-хабарлама жіберіледі. Жүйеде қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, электрондық іс макеті автоматты түрде МӨСК филиалдары мамандарының қарауына беріледі.

Пилоттық жоба әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы ғана емес, тағайындаудан бас тарту, төлем мөлшерін қайта есептеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдерді автоматты түрде қабылдауды көздейтінін атап өткен жөн.

Екі ай ішінде жүйе 33 743 өтінішті қарады, оның ішінде 17 284 бойынша автоматты режимде оң шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ, МӨСК міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша консультативтік-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. 11 айдың қорытындысы бойынша Атырау облысында еңбек ұжымдары және халықпен 108 іс-шара, 3 «Ашық есік күні» іс-шаралары өткізіліп, жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін 374 өтініштері қаралды.

Жалпы МӨСҚ-тың негізгі міндеті әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдердің әділ мөлшерін алу мақсатында халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады.



қол жеткізеді.

Осылайша күтпеген жоғары шығындардан өзіңізді қорғап, денсаулығыңыздың жай-күйін бақылауда ұстау үшін МӨМС жүйесінде мәртебеңізді дер кезінде рәсімдеп, кейін жарналарды тұрақты түрде төлеу маңызды.

Айта кету керек, аталмыш диагноздары бар азаматтардың көпшілігі жеңілдік санаттарына кіреді және мемлекет есебінен сақтандырылған. Тағы бір бөлігі D және E санаттарына жатады, олар келесі жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың жарналары есебінен сақтандырылмақ. Сондай-ақ, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтар өз денсаулығы үшін жауапкершілікті бөлісуге қабілетті.

Жалпы, енгізілген түзетулер денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландыру моделін сақтандыруға негізделген жүйеге жақындатуға мүмкіндік береді, бұл модельді әзірлеу кезінде бастапқыда жоспарланған бағытқа сәйкес келеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайтм – <https://msqory.kz/ru/>
Youtube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz
Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyruru>
Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>
Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/